

Өлсемде өзім қалсын сөзім

Өлеңдер, шежіре жырлары мен әңгімелер

Қанағат әкелі Махаббат

Жинақтаған: Радолда • 2026

Мазмұны

Сөз басы	3
I. Кіріспе	6
II. Шежіре: Абақ Керей тегі	7
III. Ұрпаққа аманат	22
IV. Өмір толғаулары	23
V. Әкеме арнау	28
VI. Радолда ініме арнау (60 жас)	32
VII. Қобда сұмын мекенім — Орта су туған жерім	34
Толғаулар	36
Шежіре толықтырулары	47
Әңгімелер	49
Отбасы суреттері мен арнаулар	51
Қорытынды сөз және автор туралы	57

СӨЗ БАСЫ

Ассаламағалейкүм, оқырман қауым.

Азда болса естіп білгенімді ортаңа жазып отырған жәйім бар. Артық-кемін кешіріңіздер, менде де елден ерекше оқымысты емеспін, жәй бір қарапайым адаммын.

Келер ұрпақтар оқып біле жүрер деген оймен жазған болдым. Ұлы ата болып әке, жәнеде ұлы тұлға — көпті көрген, естігені бар қариялардан естіп білгенімді ортаңа жазып отырғаным ғой. Мыңның түсін танығанша бірдің атын біл демей ме атам қазақ.

Қазақ ішінде талай-талай шежірелер бар, бәрін оқыдым деп отырғам жоқ. Менің қолыма ондай үлкен-үлкен роман, кітап, құрал түспеді. Оның бер жағында қырдың қара шаруашылығында албаты бекер уақыт жоқ.

Әрине бұны жазып отырған себебім — адам адамның өзінің білімге деген ынта-зейіні болады, ой-армандары болады. Мен өз басым оқымадым, тіршілік жағдайдан боп мал бағып, ерте оқудан қол үзіп кеттім.

Сонда айтпағым — білім деген бұл өмірде табылмас қазына, білім деген инемен құдық қазғанмен тең. Ақын Абайдың бір ауыз өлеңінен белгілі ғой:

«Жасымда ғалым бар деп ескермедім,

Пайдасын біле тұра тексермедім.

Түспеді ер жеткен соң уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.»

Дегенінен анық көрініп тұр ғой.

Әрине айтпағым мына әңгіме емес. Қазақ туралы, соның ішінде Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп үш жүзге бөлінеді екен. Соның ішінде 12 Керей — Орта жүз боп келеді екен. Соның ішінде Молқы руы туралы аздап естіп білгенімді жазбақ ойда бар. Мүмкін артығы болса өшіріп, кемі болса толтырып, түсініп оқуларыңызды тілеймін, оқырман қауым.

Тек-тұқым тізбегі


Ұлтым — Қазақ. Жүзім — Орта. Тайпам — Абақ Керей. Руым — Молқы. Тегім — Қошақ. Ұраным — Машан.

Керейдің жалғыз ұлы Тілеубердіден — Жабай, одан Молқы туған.

Молқыдан — Қожанқұл, одан Тағанак, одан Беген мен Арық туады.

Бешеннен — Қайып, Құл туады. Арықтан — Машан, Қошақ, Малқара, Сопы (Отау) туған дейді.

Қошақ Арықұлы (Молқы)



Қошақ Арықұлы — тарихи сурет



Қошақ Арықұлы (Молқы) — жобалап бейнеленген сурет

Ескерту: Екінші сурет заманауи технология арқылы жобалап бейнеленген.

I. Кіріспе

Сұрасаң арғы тегім Адам ата,
Сөзімде кешіріңдер болса қате.
Жасымнан оқымаған болдым надан,
Екі ауыз сөз жазайын келсе шама.
Тараған орта жүзден Керей деген,
Өтеді өйтіп-бүйтіп өмір деген.
Естіген ұқанымды жазғаным ғой,
Көсілген ақын емес сөзге шешен.
Жазайын ақ қағазға сөзден кесте,
Ажалды еш кім білмес ерте-кешпе.
Шамамша білгенімді жазғаным ғой,
Кейінгі ұрпақтарым жүрсін есте.
Жазайын ақ қағазға сөзден өрнек,
Өмірдің тәттісі бар дәмі кермек.
Дүние бір қалпында тұрмайды ғой,
Жүресің кейде тойып кейде шөлдеп.
Жазайын білгенімше біраз кеңес,
Мен өзім шежіре емес шешенде емес.
Туған мен бір атадан бір анадан,
Он саусақ қарасаңыз бірдей емес.

II. Шежіре: Абақ Керей тегі

Адам атадан бастау

Тілеймін қуат бер деп бір Алладан,
Құтылған пәнде барма сұм ажалдан.
Ғаламды он сегіз мың жаратушы,
Туыппыз Адам ата Хауа анадан.
Адам зат осылайша туып өскен,
Өтіпті талай ғасыр талай белден.
Мендағы оқымаған білерім аз,
Ұққаным шала-шарпы үлкендерден.
Әріптен де терістік жазылады,
Білерім аз түбім таяз белгілі арғы жағы.
Қолым сыңар шамам солай,
Атаңның белгілі ғой шама-қалы.
Ақ табан шұбырынды көшкен қазақ,
Көріпті қиыншылық талай азап.
Сан ғасыр азып-тозып келсе дағы,
Сақтаған ата салтын неткен ғажап.
Бір кезде қазақ деген көшіп қонған,
Білмеген басқа нәрсе сірә бұдан.
Көргені көз ашқалы бес-он малы,
Санасы еш нәрседен оянбаған.

Абақ Керей

Бертінде Абақ Керей атаныпты,
Ішінен он екі ата боп саналыпты.
Біреуі он екінің Молқы ата боп,
Осылай Молқы руы таралыпты.
Он екі Абақ Керей деп айтады,
Атаңның сондайлау ғой шама-шарқы.
Керейдің әйелі екен Абақ ана,

Ғұлама Ақыт қажы деп айтады.
Атанған Абақ Керей он екі ата,
Айтқан сөз Хақтан өзге бәрі қата.
Ұқаным үлкендерден бұрын-соңды,
Біреуі он екінің Молқы ата.

Молқы атаның ұрпақтары

Молқының төртеу дейді баладары,
Естіген білгенімді жазған болдым.
Білмедім шынба өтірік пе кім біледі,
Кешірсін Алла өзі арғы жағын.
Молқының болған екен төрт баласы,
Болыпты Машан деген тұңғыш баласы.
Туыпты онан кейін Қайып пен Құл,
Қошақ екен кенже баласы.
Қошақта алты ұл болған дейді,
Дүние тұрсаң ойлап жалған дейді.
Аз жалған аз күн өмір алданамыз,
Астында қара жердің қалған дейді.
Молқының Қошағы екен арғы атам,
Қолдасы аруағы ата-бабам.
Қатасын кешіре гөр кетсе артық,
Жазайын ұғындырып келсе шамам.

Қазыбай — Қиғылық — Тоқпақ

Қошақтың кенжесі екен Қазыбай атам,
Сөзімде кешіре гөр болса қатам.
Жасымда хат таныдым болар-болмас,
Осылай деп айтатын марқұм атам.
Кенжесі Қошақ атам Қазыбайды,
Жазамын білгенімше біраз жайды.
Кенжесі Қиғылық атам екен,
Еламан, Маламан, мен Бардыбайды.

Бір ата одан кейін Қиғылықты,
Шамамша жазайыншы ұғынықты.
Бәрі де машық етіп жазбай кетті,
Оқыған тоқыған бар талай мықты.
Туыпты Қиғылықтан Тоқпақ, Болат,
Аман жүр туыс-туған құдай қолдап.
Ағайын жұрағатым баладарым,
Жолдарың ашық болсын құдай оңдап.
Атамыз одан кейін дейді Тоқпақ,
Пендеге жол кезігер нелер соқпақ.
Артық кем кетіп жатса кешіріндер,
Ұқтырып жазған болдым талдап-талдап.

Нәукебай — Жағыпар — Ясауи

Тоқпақтан туған ата Нәукебай деп,
Жан әкем айтып кеткен осылай деп.
Әкеден қалдым жастау ескермедім,
Өзімше білгенімді жазған болдым осындай деп.
*Ескерту: Нәукебай атамыздың шешесі — Бәтия, Тоқпақ
атамыздың кемпірі болған (Шерханның кітабынан).*

Туыпты Нәукебайдан деп Жағыпар,
Тарихқа осылай деп жазылар.
Менен гөрі көпті көрген көп оқыған,
Базар атадан бек сұрандар.
Жағыпар тілге шешен дінді күткен,
Бақ қонып бір басына дәулет біткен.
Жерінде Ұланқұстың Ойғыр деген,
Бір жұртта төрт баласы мен өткен екен.
Туыпты Жағыпардан Ясауи Сәби ата,
Азырақ жазған болдым мен тарата.
Анықтап сұрандаршы үлкендерден,
Мағат жоқ жазғанымда болса қата.
Ұлы атам Ясауи Сәби деген кісі,

Ел жұрты қадір тұтқан үлкен-кіші.
Мал-жанды бай дәулетті дәуірінде,
Жасқа кеп жетпіс алты өткен кісі.
Аң аулап аттан түспей қақпан салып,
Атпенен қуып жүріп қасқыр соғып.
Бір талай сері болған заманында,
Кезінде ел басқарған бастық болып.
Атамыз жігіт бопты сері пысық,
Киіпті жиып жүріп қасқыр ішік.
Албаты түкке қарап отырмайтын,
Қалды ғой өтетін жыл аттан түсіп.
Осы жерге тоқтап біраз аялдайын,
Демімді ап біраздан соң баяндайын.
Тексеріп бас-аяғы байқап қарап,
Ары қарай жолға түсіп аяндайын.
Оқыған көзі ашық баласың ғой,
Сендағы назарыңды саласың ғой.
Кей жерде сөзден қате кетер мүмкін,
Толықтап балам сенде жазасың ғой.

Ясауи ұрпақтары

Бәрінен көп жасаған Үкең шалым,
Ерекше сөзге шешен болды жалын.
Мысқылшыл әңгімешіл мақалдағыш,
Тыңдасаң таусылмайтын сөзі дарын.
Жездеміз айтса айтқандай Әділ деген,
Сөйлесе қара сөзге аттай желген.
Денелі алып күштің иесі еді,
Талайды мықты деген жығып жеңген.
Ауамыз мәнсабы да биік еді,
Айтаса да айтпаса да ел біледі.
Қырық жыл Қобда аймақта қызмет істеп,
Жауапты қызметіне мықты еді.
Кейінгі жас ұрпақтар көрдің бәрің,

Ендігі ауылдағы қалған кәрің.
Алғашқы ауылымыздан шыққан ұстаз,
Ақ көңіл аңқылдаған Базың шалым.
Кенжесі ұлы атамның Төңкерісті,
Көреміз Алла салған басқа істі.
Біреу жас біреу жасап кетіп жатыр,
Жаратқан жаратушы құдірет күшті.
Шамамша түсіндіріп жазған болдым,
Өр-ылди жаттығы бар өмір жолдың.
Көргеннен көрмеген көп бұл жалғанда,
Қарасаң бірдей емес он саусағың.

Шежіре тізбегі

Керей
Молқы
Қошақ
Қазыбай
Қиғылық
Тоқпақ
Нәукебай
Жағыпар
Ясауи, Сәби
Қанағат (менің әкем)

Інісі Еламан, Маламанның соқыр Тоқпақ,
Өмірде талай жол бар қиыр соқпақ.
Өзінде жоқ айраны көзіне тамған,
Айтыпты қыз сонысын мұқат боп.

Көшіп-қону тарихы

Мекеніп Дэлүүнде біраз болған,
Тоқтатпай олай-бұлай айдау болған.
Кеткен соң бастан билік амал қанша,
Бұрында қилы-қилы заман болған.
Айдалып Увс-қа да барған екен,
Әйтеу бір бұлдыр өткен заман екен.
Жан қорғап бас сауғалап әрбір жерде,
Ес жиып тоқырап бір қалған екен.
Қайтадан кезең асып Қобда келген,
Сондағы мекен жері Салбаң екен.
Салбаңда өсіп-өніп малмен басы,
Тыныстап ырғап-жырғап қалған екен.
Мың тоғыз жүз елу үшінші деген жылы,
Ауылымыз Дэлүүннен асып келген жылы.
Осылай бұл Салбаңды мекен етіп,
Мал мен бас қатар өскен ұл мен қызы.
Осылай мекендеппіз жетпіс үш жыл,
Әр нені ойлап құлазыр көңіл құрғыр.
Кетті ғой қайран асыл үлкендерім,
Ұшты ғой ойлағанда көзден бұлбұл.
Ер жетіп есті жидық Салбаңымай,
Жеткізер кімді Алла арманынай.
Толықсып отыратын қайран ауылым,
Құлазып жұрттарымның қалғанынай.
Салбаңда Өркен деген ауыл едік,
Екі елде жүрміз бөлек амал нешік.
Аман жүр денің сау боп туыс-туған,
Жүрейік амандықта көңіл көншіп.
Мекендеп Шарғанбұлақ, Қызыл жалын,
Бір жерге қыстаушы еді менің ауылым.
Күні бүгін көзге елес сол бір заман,
Жүруші еді берекемен аға-бауырым.

Әке — Қанағат

Әкеміз қара сөзге шешен болған,
Халқына қадірліде сыйлы болған.
Белдеуден ат кетпеген күндіз-түні,
Қонақтар үзілмейді ойман-қырдан.
Орасан қолы шебер ұспар болды,
Бес аспап пысықтықпен алғыр болды.
Мал бағып аңшылығы тағы да бар,
Сауда істеп дәрігерлігі тағы болды.

Шоқал атам

Інісі бірге туған Шоқал атам болды мерген,
Өмір ай өте шықтау аттай желген.
Ерекше мергендігі елден ерек,
Марқұмды үлгі етеді көзі көрген.
Ақ көңіл кісі еді аңқылдаған,
Үлкен-кіші бәріне жалпылдаған.
Өзі сері ат құмар қолы шебер,
Есілдерті дүзу мылтықпен аң аулаған.
Арманы жақсы ат мініп аң ауласа,
Мінген ат еркін шауып танауласа.
Ерекше салымы бар аң дегенде,
Оғы жерде қалмаған көздеп атса.
Ерекше түспесі бар күрестің,
Кісі мен қоян қолтық тіресетін.
Шапшаң қимыл әдемі әдісі бар,
Іштей кіріп қарсыласын құлататын.

Ақ тал — туған мекен

Талай жыл мекен болған Ақ талымай,
Бес түлік толып жатқан қапталыңдай.
Өзің де ұлы атам әке-шешем ізі қалған,
Мәңгілік ұмытылмайтын мақтаным ай.

Моңғұлша аты екен Цагаанбургас,
Салбаң, Қолбаң, Шарғанбұлақ болған қоныс.
Қатарлас ел мен бірге тірлік істеп,
Осылай ауыл болды барлық туыс.
Медет бер жаратушы бір Құдайым,
Жазайын келсе шамам жердің жәйін.
Бір кезде толықсыған қайран елім,
Мекендеп жүруші еді Ақ талсайын.
Ақ талды өрлей қалсаң екі көше,
Еліміз азайды ғой көше-көше.
Иесіз жер болмайды деген сөз бар,
Ұрпақтар ие болар туып өсе.
Ақ талым қасиетті құтты мекен,
Өзіңде ата әкем шешем өткен екен.
Өзіңнен талай қыран самғап ұшып,
Кір жуып кіндік кесіп өскен мекен.
Мәңгілік қар кетпейтін ақ тауларың,
Секілді ақ сақалды аталарым.
Ананың ақ сүтіндей сезінеді,
Мөлдір су сарқыраған бастауларың.
Басыңнан өткен екен талай ғасыр,
Туыпты талай асыл талай батыр.
Атадан мұра болып ұрпақтарға,
Жалғасып жылдан жылға келе жатыр.
Бірі ой бір жағы қыр бұлжым Салбаң,
Мекендеп туған елім сайран салған.
Құт мекен шөбің шүйгін суың тұнық,
Тау тасың неше түрлі аңға толған.
Төрт мезгіл мекен деген біздің халық,
Көрмеген тоны тозып аты арып.
Өркендеп өнер қуған жас ұландар,
Қол созып келешекке үміт артып.
Зор бақыт табыс күтем жастарымнан,
Еш уақ бөлінбей жүр достарыңнан.

Мызғымас берекелі ел болыңдар,
Мәңгілік бақ кетпесін бастарыңнан.

Салбаң жер сипаты

Шоқа мен Үхэр чулуу Ақ жарымай,
Қызыл тас бітеу қорым жан жағыңдай.
Жолсыздан жол шығарып көлік ұстап,
Халқымыз көшіп-қонған бір қажымай.
Кең жайлау өргі жағы Екін деген,
Жайлаған моңғол-қазақ еркі менен.
Келгенде ел жайлауға мал өріске,
Көрінер көзге жылы көркі менен.
Жол шығар Доордавадан қаптал бұран,
Салбаңның суы тұнық шөбі раң.
Асып кеп Дэлүүннен бір неше ауыл,
Салбаңды неше жылдай мекен қылған.
Құдық сай мара менен қыстау сәрі,
Тebіндеп жайылады малдың бәрі.
Қысы-жаз мал кетпейді өрісінен,
Тазығыр болған менен шөбі дәрі.
Қапталдап жол асады Ақтаспенен,
Өр жағы Шарғанбұлақ жалғас мекен.
Үйренген өзімізге білінбейді,
Көрмегендер қиын жер тау тас деген.
Тұмсық жұрт Улаан салаа Асқын хамар,
Асып кеп мекен деген біздің ауыл.
Шалқайған сары төскей өрісі кең,
Бұнында шөбі шүйгін жері сауыр.
Көк мойнақ аса қалсаң жайлау Қолбаң,
Ащылы жағалауы көлі сортаң.
Ел менен сәні келер жердіңдағы,
Жағалай жайлауына ауыл қонған.
Жайлауға ауыл қонар шағаладай,
Тай мініп асыр салған бала-шағай.

Ел келер бір айланып жыл құсындай,
Ащыдан мал кетпейді ала жаздай.
Индэрт көлденеңдеп Қолбаң басы,
Көрінбес көктегенде жердің тасы.
Біраз күн майсаңында сайран салған,
Жайлаудың осындай бір тамашасы.
Қара тас аса қалсаң Түвшинбұлақ,
Жалғасып Ар бұлақ пен жатыр сұлап.
Қой жайып дем аласың бұған келсең,
Жайқалған балауса мен жасыл құрақ.
Асқыты Ақ өткел мен Төбе жұртым,
Ат мініп мылтық асып аңдар құдым.
Көзіме жас шағым елестейсің,
Қайран кез зар болдым ғой әттең шіркін.
Асқыты екі ақ науа Орылғымай,
Білместер жол таппайтын қорымың ай.
Көз тоймас қарап тұрсаң көркіңе де,
Табиғат жаратылыс порымың ай.
Жайлауым екі тепсең Нұрғыным айтып,
Сұлудың көз тарталық бұрымындай.
Сен дағы иен қалып бара жатсың,
Ел келіп жайламайды бұрынғыдай.
Сөңгіті үй тас пенен Шілі қуыс,
Ел қалдық көше-көше бірақ уыс.
Бір кезде рулы елдей ауыл едік,
Кетті ғой Қазақстан біраз туыс.
Сар даваа Алла тас пен үңгір қора,
Қайран ел отыратын Салбаң тола.
Сен кет деп ешкім оны қуған емес,
Қалғанға бір Алла өзі болсын пана.
Белшір дейді екі судың құйған жері,
Әр кімнің өзіне ыстық туған жері.
Ер жетіп есті жидық бала күннен,
Бақыт пен байлықтың тұнған жері.

Кең қолтық Шұңқыр жұртпен Талдың мойны,
Жағалай үйдің жұрты Салбаң бойы.
Қолында онды-бесті мал тұрғанда,
Білінбес ден сау болса ашпен тоғы.
Шірік жұрт Үлкен түргін Насан хамар,
Мал үшін келіп жайлар барлық ауыл.
Салқын жон иен жайлау кең өрісте,
Суы бал бес түлікке шөбі асыл.
Кең жайлау салқын төскей Салбаң басы,
Ұсты мен құлжа мүйіз сулы ашасы.
Елге ел-жұрт етек-жеңге қосылғандай,
Жайлауда қыдырысқан кәрі-жасы.
Сар науа Жасыл көл мен жеке дара,
Ойнаған шыңдарында аңды қара.
Асырсап тай-құлыны үйір-үйір жылқы жатыр,
Кең өріс көз жетпейтін иен дала.
Шыңдары ақ көлімнің көк тіреген,
Көлдері айнадай боп мөлдіреген.
Тұрымтай өз тұсында деген сөз бар,
Білінбей өтіп жатыр өмір деген.
Кең жазық ата шаптырым Арқар жайлау,
Тас төбе қиыс төмен жылы қойнау.
Бір кезде толықсыған қайран елім,
Ел кетіп жайлауларым иен қалды ау.
Мекені аруақтардың Кіші түгін,
Ойласаң өте шығар мына бір күн.
Аз ауыл бір кісінің баласындай,
Кетпеген берекесі күні бүгін.
Жалғасқан Ұлан сала Қарзан даваа,
Желілес аяқ жағы Саған даваа.
Аз өмір ден саулықта қу дүние,
Ажалдан өлмей сірә қалған барма.
Көкірге ұлы күңгей Салбаң оғы,
Аз ауыл шаппа алатын жиған торы.

Бір дәуір осылайша кете бардың,
Ел жаңа елу жылда деген осы.
Су өтіп Қара даваа Дээр мөрдэхпен,
Дәм бұйрық кей бір ауыл көшіп кеткен.
Мисалы ертегісі бұрынғының,
Өмірді еске алсаңыз өтіп кеткен.
Құлдасаң Ұлан жапсар Таңбалы тас,
Жасымнан бұл мекенге болдым сырлас.
Өткенді ойлаған мен амал қанша,
Айланып қайран дәурен мойын бұрмас.
Жалтыр тас Ұлан боқшы Элэсті мен,
Туған жер қандай жақсы өрісі кең.
Жүрсеңде қанша алыс мекеніңнен,
Ұмытылмас өле-өлгенше бұл есіңнен.
Өскен жер Мұқыр бұлақ Ноғон хамар,
Азырақ аттан түсіп қылдым сабыр.
Ой туып ой соңынан күрсінемін,
Отырған әке-шешем жұрты жатыр.
Тия алмай көп жыладым көздің жасын,
Өтіпті ау бұл мекенде бала жасым.
Әкем мен шешемнің жүрген жері,
Әкемнің ат байлайтын көріп тасын.
Арт жағы Ұлан сала қос қонғаным,
Мәңгілік әкем-шешем хош болғаның.
Көз алды дүниені қысқа ойлаймыз,
Аңырап жүрген жерің бос қалғаның.
Урт бұлақ өз алдына жеке дара,
Сар бэлчір Ұзын күңгей Алтын шора.
Төрт мезгіл тұяқ кетпес жәйлі қоныс,
Мал жатар өрісінде қора-қора.
Бұрғысты шазың менен жатыр сұлап,
Шыңнан мал жүргенде тасы құлап.
Біреу кетсе біреу кеп мекендейді,
Мәңгі бақи бұл өмір болмас тұрақ.

Қайқайып сары төскей жатыр жынсан,
Желілес Наран бұлақ мойын бұрсаң.
Секілді Қремлдің көшесіндей,
Сан жетпес қалың шоқы қарап тұрсаң.
Артқы сай орта сай мен алдыңғы сай,
Қиын жер бөліп алмай қойыңды жай.
Үйренген өзімізге бәрі жаттық,
Секілді он саусақтың саласындай.
Неше ауыл мекен дейміз мұны дағы,
Әр кімге үйренген жер Мысыр шәрі.
Бір жағы ой бір жағы жон байқасаңыз,
Мал кетпес өрісінен қысы-жазы.
Күнгей бет Хамар даваа Хәсті менен,
Нелер бар ел ішінде естімеген.
Жусанды қарағанды ұлы күңгей,
Қыстайды бір неше ауыл ешкі менен.
Хондолой Баян қара Тэрэм хады,
Шөбінің жұғымы аздау сілбі-сары.
Үйренген мекеніміз деген менен,
Мал бағып тірлік еткен жаның бәрі.
Осылай мекен деген біздің халық,
Хасхөңдей Өвөлзөң мен Өртөө құдық.
Таусылмас жер аттары атаған мен,
Қоныстап төрт мезгілде біздің халық.
Азырақ жер аттарын баяндадым,
Болмаса желісім жоқ аяңдадым.
Кейінгі бала-шаға оқып жүрсін,
Ойдағы орындалсын армандарың.
Қиысы жоқ қара сөздер жазған болдым,
Менің де білерім аз таяз ойым.
Өмірден армансыз боп кетер едім,
Қайтейін зар болдым ғой қайран қолым.
Күнімді әр кімдерге салғанымай,
Қаңғырып жас ортада қалғанымай.

Денің сау бас аман да бәрі болат,
Іштегі кімге айтамын арманымды ай.
Осы мен тоқталайын жаза бермей,
Өлмейсің бір Алладан ажал келмей.
Алланың берген маған сынағы ғой,
Бір Алла жаратушым қуат бергей.

Туған жерге ән

Ақ көлге жайлаушы едік көшіп барып,
Байлаушы ек асау құлын желі тартып.
Жасымда көргенімді айтқаным ғой,
Кейінгі бала-шаға жүрсін айтып.
Біздің үй қыстаушы еді Тұйық бұлақ,
Моңғұлша аты оның Мұқыр бұлақ.
Жастық шақ өтті сенде бал дәуренім,
Қайран жер сағынамын қалдың жырақ.
Қайран кез атқа мініп мал жайғаным,
Иен жер шарықтата ән салғаным.
Артымда екі ауыз сөзім қалсын,
Осылай туған жерге ән арнадым.
Он алты он жетіде кездерім ай,
Өз заңымша жігіт боп өзгердім ай.
Ұлы ата апаларым үлкен аға әпекелер,
Солардан нешеу қалды көз көрген ай.
Қыстадық бәлен жылдай Мұқыр бұлақ,
Туыстар жүрсің алыс бізден жырақ.
Сөзімде қате кетсе кешіріңдер,
Өзімше жазған болдым сөзді құрап.

Салбаң тарихы

Сұрасаң сыры ұзақ Салбаң сайым,
Жазайын келсе шамам жердің жәйін.
Асып кеп бірлеп-бірлеп азғана ауыл,

Тұрақтап мекен еткен Салбаң сайын.
Салбаңда моңғол ауыл болған дейді,
Халқы бай малды-жанды болған дейді.
Қазақтар келгеннен соң қоныстарын,
Соларға тастап кетіп қалған дейді.
Орнапты одан кейін социализм,
Қорасы малға толып әрбір үйдің.
Теңеліп бай мен кедей бірлестік боп,
Халықтың жақсартпақ боп көңіл-күйін.

III. Ұрпаққа аманат

Мендағы оқымағам білім таяз,
Баладар білгенімді жаздым біраз.
Толықтап ұрпақтарға жазарсыңдар,
Осы мен тоқтатайын болсаң ыраз.
Құдай бір, құран шын, пайғамбар Хақ,
Болсыншы жаратушым құдайым жақ.
Ойлаған арманыңа жете бергей,
Бір Алладан басқа қуатым жоқ.
Үлендер әңгіме айтар малдас құрып,
Әр нені жазғаным ғой салғастырып.
Бәріңде оқығансың көзі ашық,
Жазыңдар ары қарай жалғастырып.
Қара сөз жаза алмайын тілім шорқақ,
Тарих біле жүрсең бәріңе ортақ.
Шамамша білгенімді жазған болдым,
Ары қарай жазарсыңдар сендер жалғап.
Мен өзім оқымаған білерім аз,
Жүрмеген ішпен сыртқа көргенім аз.
Көргенім көз ашқалы мал мен жұмыс,
Тынымсыз дем алу жоқ қыс пенен жаз.

IV. Өмір толғаулары

Сәлемдеме

Ассалаумағалейкүм, туыс-туған, халың қалай,
Аман ба ауыл-аймақ бала-шағай?
Тек қана телефон мен хабарласқан,
Алыс жер жатырмыз ғой ауыл шалғай.
Сөзімді мен жазамын құрай-жамай,
Жүрер ем екі ортада болса шамай.
Жастарым аман болсын келешекте,
Асудан асасындар әлде талай.

Жастық пен білім туралы

Келесемде жетпіскеде баладаймын,
Ұзаққа надандықтан бара алмадым.
Оқыдың жаста болсаң Едіге балам,
Әр елдің дәмін татып араладың.
Ден сауда білім іздеп өнер үйрен,
Жығарсың алыптыда білімің мен.
Ғылымның түбі терең теңізденде,
Самғап ұш ақ иықтай алып қыран.
Болмаса оқымадым сегіз жылдық,
Уақыт тоқтамайды өтер жылжып.
Білегі жуан бірді жығар, білімі жуан мыңды жығар,
Үлкендер түк көрмеген қараңғылық.
Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын біле тұра тексермедім.
Түспеді ер жеткен соң уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Өкініп ақын Абай жазған екен,
Оныңда ойындағы арманы екен.

Бұрынғы қуғын-сүргін қиыр заман,
Қол жетпей қапияда қалған екен.

Өткен заманның қиындығы

Үлкендер не көрмеді сұр заманда,
Кимеген бүтін киім тар заманда.
Болмаса қарын тойып ішер ас жоқ,
Көз сүзіп жоқшылықтан болды арман да.

Өмір мен тағдыр толғауы

Өзімше білгенімді жаздым балам,
Жаратқан қолдап жүрсін Хақ Тағалам.
Келседе жүзге жасың неге керек,
Ойласаң бұл дүние бәрі жалған.
Азғана ұққанымды жазған болдым,
Өмірдің иір-қиыр жолын көрдім.
Аллаға сан мәртебе шүкіршілік,
Өзімше әжеп-тәуір шалда болдым.
Иекте сақал тұрғой мұртымда жоқ,
Заманым бейбіт болсын уайым жоқ.
Өлмесе бұрығының бәрі қайда,
Кеп жетім жетпіскеде арман да жоқ.
Ұрпақтар арттан ерген болсын аман,
Біреуге ерте біреуге кеш мына заман.
Ауызға не келсе де соны айтып,
Бұйрықсыз біз сөйлейміз бір Алладан.
Қиялдың құла керін міндім ерттеп,
Арындап алып қашар қыза терлеп.
Келмейді екі айланып шіркін жастық,
Қалыңдар ден саулықта құлаш сермеп.
Көк дөнен жүйрік емес көңіл жүйрік,
Созған мен қолың жетпес арман биік.

Береке үзілмесін арамыздан,
Бере жүр сәлемінді басыңды иіп.

Сабыр мен сынақ

Әр нені ойлап-ойлап қиялдаймын,
Қиялдың биігіне шыға алмаймын.
Қу кеуде зығырданың қыж-қыж қайнайды,
Орнымнан үш ұмтылып тұра алмаймын.
Барады қалым кетіп жылдан жылға,
Сұм бейнет жоғалмастай салды сырға.
Алланың мұысына сансыз шүкір,
Сынағын береді екен сүйген құлға.
Он бір жыл мен келемін бейнет көріп,
Бір Аллам жар боп отыр ырзық беріп.
Жан бергенге дән берген деген осы,
Отырмын жаратушым қуат беріп.
Дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ қайтса басқа дәулет құралмаған.
Күніне мың бір пәле көрсендағы,
Күдерді үзе көрме бір Алладан.
Бейнетпен қол-аяққа салды шідер,
Басына түспеген жан қайдан білер.
Осылай күнім өтіп келем ептеп,
Қал нашар мен бейбақта бұны үзер.
Қайран кез көзден бұлбұл ұшты бүгін,
Көтердім бұл бейнеттің ауыр жүгін.
Бұйрықсыз бір Алладан сөйлеп бекер,
Қарашы дәм дегеннің күштілігін.
Әр сөздің жаздым хатқа басын құрап,
Бұл жалған ойлағанда кімге тұрақ.
Алланың өлшеп берген ғұмырында,
Жүрейік хабарласып амандық сұрап.
Уақыт тоқтамастан аттай желер,
Адамға бақ-дәулетті Алла берер.

Үмітсіз шайтан ісі деген сөз бар,
Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер.

Туған жер — Салбаң

Тәуекел дариға салдым кеме,
Кемесіз дариядан өтем деме.
Көргенің өз көзің мен бәрі шындық,
Құлақ пен естігенге пәлен деме.
Жасыл көл, ақ көл менен Қолбаң көзім,
Бұлдырап көз жетпейтін қоңыр белім.
Елімнің мал мен бас қатар өсіп,
Саянда толқып жатқан менің елім.
Кең жайлау салқын төскей Салбаң басы,
Тұнық су сарқыраған таза ауасы.
Төріне түрлі кілем төсегендей,
Жайлаудың бұған жетпес тамашасы.
Жондары Салбаңымның мұнарланған,
Шың құзы мәңгі қар мен тұмарланған.
Жастарым қыран құстай қанат қағып,
Қол созып келешекке қуған арман.

Жастық пен арман

Жігіт едім бір күнде сайлаудағы,
Жапырылмас шалғындай жайлаудағы.
Қайран күнді ойласаң бекер жалған,
Көңілге түсер қаяу қай қайдағы.
Жігіт едім бір күнде ойнап жүрген,
Бес түлікті қаптатып айдап жүрген.
Қолда барда алтынның қадірі жоқ,
Арманға жете алмадым ойлап жүрген.
Ердің ері келеді екі елуге,
Сары табан ат жақсы зар желуге.
Араласып бір жүрген туыс-туған,

Зар боп жүрмін жүздерін бір көруге.
Құдайым әуел баста қолымды алдың,
Сау күнім елес болып есте қалдың.
Болмаса қолым болса арманым жоқ,
Әр кімге жапақтатып күнім салдың.

V. Әкеме арнау

Ескерту: 1975 жылы 5-айдың 25-інде әскерге аттанғанмын. Әскерде жүргенде әкем 1976 жылы 12-айдың 9-күні өмірден өтіп, 10-күні мәңгілік мекеніне қойған едік. Сонда әкеме арнап жазған едім.

Сөз жаздым әкеме арнап бір азғана,
Карандаш қағазымды қолыма ала.
Аз жалған аз күн өмір алданамыз,
Кім жолдас болар дейсің сұм жалғанға.
Жаңадан жігіт болып толған кезде,
Он жеті қадам бастық он сегізге.
Үш жылдық борышы бар ер жігіттің,
Кезегі сол борыштың келді бізге.
Сапарға ыңғайландым кетуіме,
Борышты басқа түскен өтеуіме.
Кәрі әке ауру шеше артта қалған,
Тапсырдым бір Құдайға екеуінде.
Сапарға аттанбаққа үйден шықтым,
Ақылын әке-шешем бәрін ұқтым.
Ата-ана артта қалған туыстарды,
Қиялмай босады ғой көңіл шіркін.
Көк аттың қамшы салдым сауырына,
Қоштастым шеше, жеңге, бауырыма.
Шыққанда Дээрмөргінің мойнағына,
Жалтандай қарай бердім ауылыма.
Мойнаққа айыл тартық аттан түсіп,
Жыладық әке-бала құшақтасып.
Айрылдық жылай-жылай әрең зорға,
Көргенше хош болғай деп қол ұстасып.
Кәмеске бәрімізді алып кірді,
Киімді бірін қоймай шешіндірді.
Жағалай ақ қалатты дәрігерлер,
Тұла бой ден саулықтың бәрін көрді.

Деп сау боп кәмесіне тарып кеттім,
Сұмынға кешке жақын қайтып келдім.
Қиялмай қайта айланып келген әкем,
Әкемнің байлаудағы атын көрдім.
Үйіне Құның ағай келіп қондық,
Қу туыс силап жатыр қойын сойып.
Таңертең хош айтысып үйге қайтты,
Көзінің қарғамай деп жасын төгіп.
Соны мен алыс жолға сапар тарттық,
Алты күн машина мен шапқыладық.
Тоқтаусыз ыстық күнде сар далада,
Сарғайып қаңсып шөлдеп біз шаршадық.
Қамады карантинге қырық бес қонақ,
Мал құсап жүріп жүрдік қойған қамап.
Барғалы жыл жарымдай уақыт болды,
Қуанып қалған күні жүрдім санап.
Екі хат қатар алдым кешке жақын,
Жер-көкке симай кетті ау қуанышым.
Отыра хатты оқып қайғы ойлап,
Көре алмай қалам ба деп күйді ішім.
Жазыпты ауыруын уайымдап,
Атырдым сол бір таңды шала ұйықтап.
Ұрықсат сұраған мен бермес маған,
Жүремін бір көрсем деп мен армандап.
Жатырмын төсегімде ұзақ ойда,
Ауыру ас жүрмейтін болған пайда.
Бір көрсем шіркін өттең арманым жоқ,
Бірақта көре тұғын заман қайда.
Әңгіден бір күн мені шақырыпты,
Жүрегім аттай тулап алып ұшты.
Ямнан ұрықсат келген он бес күнге,
Мұндайда күтпеп едім жақсылықты.

Әңгі — Эрдэнэт қаласындағы 110-әскери бөлімше. Яам — Қорғаныс министрлігі, 15 күнге рұқсат берген.

Қуанып ұрықсат алып жолға шықтым,
Қалаға Эрдэнэттен ерте ұштым.
Қалада сабақта жүр Шерік ағай,
Ағайды іздеп жүріп амандастым.
Қаладан Қобда аймаққа тағы да ұштым,
Құдайым оңғарсын деп жолға түстім.
Туған ел туған жерге келсем дағы,
Боларын кім біледі қандай істің.
Түс ауа Қобда аймаққа келіп түстім,
Құлазып бір болмайды көңіл шіркін.
Көкеме кез боп қалдым әлгі арада,
Ісіне сек кетірме құдірет күштің.
Жыладық аға-бауыр сол арада,
Ісіне Алла салған барма шара.
Әкенің қалы аздау деген менде,
Кеткендей тосып жатыр сені ғана.
Сол жерде көп кідіріп аялдамай,
Көлігін алып келді Басай ағай.
Бәріміз бірге отырып сол көлікпен,
Аймақтан кешке шықтық бері қарай.
Сұмынға келіп қондық сол күні біз,
Таңертең ерте жолға аттанбақпыз.
Ауылға Бақыт кетті шүйішілеп,
Ауылға кешке таман таяғанбыз.
Шеше, жеңге, бауырым жүгіріп шықты алдымнан,
Сағыныш пен қарсы алып түсіріп алды атымнан.
Қу шешем жатыр құшақтап кезектеп сүйіп бетімнен,
Зарығып аңсап сағынған.
Сәлем бердім үйге кеп ауру болған атамай,
Қалған екен бек жүдеп аурудың батқан ай.
Қозғалды тұрып орнынан,
Көп болыпты тұрмай жатқан ай.
Көрсетті Алла сені деп,
Қуантты Алла мені деп.

Көз жасын көл ғып жылады,
Құшақтап сүйіп еңіреп.
Қасында болдым бір айдай,
Қу әкемді қиялмай.
Не қылса да өз еркі,
Жаратушы бір Алла ай.
Ішіп-жеген адамға,
Қызық екен жалғанда.
Ішіп кеткен армансыз,
Ішпей кеткен арманда.
Ренжідің жалғанға,
Іше алмадың арманда.
Иман берсін Құдайым,
О дүниеге барғанда.
Қарындаш қолда қағазымды,
Арман етіп жазамын.
Келмеске кеттің атамай,
Қайдан іздеп табамын.
Мекенің болды ау қу түргін,
Арман етіп мен жүрмін.
Пайдасы жоқ қу дүние,
Іше алмадың бір жұтым.
Дәм бітті өмір өтті жалғыз сағат,
Сапарға жолға түстім қайта бармақ.
Қу әкем көкейімнен бір кетпейді,
Жазған ғой сағынған соң сөз бен сарнап.

Бұл жырды 1977 жылы әскерде жүріп, әкесін сағынып жазған.

Қатасын кешіріңдер жамағатым,
Әкемді сағынғанда жазған хатым.
Қиссыз екі-үш ауыз қара сөзді,
Армандап жаза салған Махабаттың.

VI. Радолда ініме арнау (60 жас)

Алпыстың келіп жеттің асқарына,
Бермесін еш жамандық бастарыңа.
Әрқашан жүзіңнен күлкі кетпей,
Кейінгі жолыңды берсін жастарыма.
Майка мен бірге жасап бір жастықта,
Албаты беріле берме бұл қарттыққа.
Ортаңның арқа сүйер тұғыры бол,
Бақытты баянды да ғұмыр кешкей бір қалыпта.
Бауырым төл мерекең құтты болсын,
Әрқашан ден саулығың мықты болсын.
Ұрпақтар Алла берген аман жүріп,
Өмірде бір-бірі мен жұпты болсын.
Алладан тілейтінім ғұмыр берсін,
Мерейін жылдан жылға арта берсін.
Ауылда көп жасаған Үкең атаң,
Сол кісінің тоқсандағы жасын берсін.
Екі ауыз қара сөзбен жаздым тілек,
Арындап алып қашар даңғыл жүрек.
Екі елде жүрсек дағы көңіл бірдей,
Ақ көңіл шын ниетпен жүрем тілеп.
Баршаңа қолым созып сәлем бердім,
Екі апай бауырларым ұлдар менен келіндерім.
Жарасып отырыстарың жәйлі болсын,
Әулетін Шоқал атам бәрін көрдім.
Көз көрген асыл менің туыстарым,
Әрқашан араларың суыспасын.
Тең болсын төрт құбылаң мәңгілікте,
Өркендей өсе берсін тұрмыстарың.

Наран бұлақ мекенім

Ұртсала қыстаушы едім қызыл тасын,
Өзіңде өсіп-өнген мал мен басым.
Арадан қыл өтпейтін тату-тәтті,
Аман жүр қай-қашанда ауылдасым.
Көлденең жынсан тақта жатыр сұлап,
Кеп қонар қонағына ұлар шулап.
Секілді қызыл түлкі дүние жалған,
Уақыт тоқтамастан өтер зулап.
Жол мойнақ жәйләу жұрт пен шатыр тасым,
Жүрген жер көзге елес тау мен тасың.
Туған жер топырағың қандай қымбат,
Ел-жұртым аман болсын қауымдасым.
Жотасы көк тіреген жынсанымның,
Иісі мұрын жарар жусаныңның.
Жер едің қасиетті қайран мекен,
Көрінбес көктегенде жатқан құлын.
Мал кетпес өрісіңнен жыл он екі ай,
Екі сөз жазған болдым құрай-жамай.
Шықпайсың түнде түстен күндіз естен,
Сау болсам барар едім әлде талай.
Жотаның биігіне шығып алып,
Жан-жаққа отырушы ем дүргі салып.
Ат мініп малым жайып сау кезімде,
Отырам бәрін ойлап ойға батып.
Сар мойнақ есік алды Қара төбе,
Жүруші ем малым жайып өлеңдете.
Алланың мұнысына сансыз шүкір,
Не болар ертең күнге пәлен деме.
Біраз жыл Наран бұлақ мекендедім,
Қиялмен жолды тастап төтеледім.
Азырақ мекен жерді еске алып,
Өлең ғып қара сөз бен бедерледім.

VII. Қобда сұмын мекенім — Орта су туған жерім

Қобда сұмынының 80 жылдығына арналған ән

Мекен деп Сар бұлақтың Орта суын,
Атанған бір ауыл боп Қобда сұмын.
Келешек ұрпақтардың ордасы бол,
Сұмыным құтты болсын сексен жылың.
Қайырмасы:

Гүл жайнасын ғұмырың,

Берік болсын тұғырың.

Бабадан қалған аманат,

Өркендей бер сұмыным.

Туған жер неткен ыстық Сар бұлағым,
Өзіңде өткен еді жастық шағым.
Ер жетіп білім алып тірлік құрған,
Бір өзің қасиетті шаңырағым.
Қайырмасы:

Қобда сұмын мекенім,

Өзіңде туған екемін.

Топырағыңа бір аунап,

Суыңнан қанып жұтамын.

Бір өзің алтын ұям Қобда сұмын,
Өзіңнен туып өскен ұл мен қызың.

Қойнында бәрі жатыр ата-бабам,
Арнаған туған жерге ән мен жырым.
Қайырмасы:

Гүл жайнасын ғұмырың,

Берік болсын тұғырың.

Бабадан қалған аманат,

Өркендей бер сұмыным.

Ұяңнан түлеп ұшқан балапанбыз,
Туған жер алыс жүрсек аңсағанбыз.
Алыстан сағыныш пен оралғанда,
Мәңгілік қалған сенсің ата-анамыз.
Қайырмасы:

Гүл жайнасын ғұмырың,

Берік болсын тұғырың.

Бабадан қалған аманат,

Өркендей бер сұмыным.

Ақыл мен сабыр

Ойласаң ақыл қымбат ашу арзан,
Отырмын жіпке тізіп сөзден маржан.
Артымда өзім өлсем сөзім қалсын,
Қанағат әкелі Махаббат бұны жазған.
Қара сөз жазғаным ғой құрап ойдан,
Сауымда қалмаушы едім жиын-тойдан.
Кеткен соң қол-аяғың бекер екен,
Айланып шығалмайсың терең ойдан.
Ойласаң ашу дұшпан ақыл жолдас,
Уақыт өтіп кеткен қайта айланбас.
Туысың қатын-балаң жиған мүлкің,
Өлген соң саған еріп бірі бармас.
Тар жерде сабыр ақыл болар серік,
Ашуға қапелімде берме ерік.
Ашуды ақыл менен тоқтатпасаң,
Ұятқа қалдырады өкіндіріп.
Сабырлы жетер мұратқа сабырсыз қалар ұятқа,
Миың болса басыңда осы сөзге тұрақта.
Сол қолыңа оң қолың арашашы болмаса,
Ашу менен барып тауды құлатпа.
Денің сау болса керек емес кедей-байың,
Ұғар деп жазғаным ғой сөздің жәйін.
Болғанда ақыл таяқ ашу пышақ,
Таяғың қысқармай ма жонған сайын.
Қиялдап әр нені ойлап кете берем,
Арман ой алға тартып жетелеген.
Болмаса жүз жасайтын ғұмырың жоқ,
Жалғанды тұрсаң ойлап бекер екен.

Қорытынды толғаулар

Азғана білгенімді жаздым хатқа,
Білем деп айта алмаймын бәрін жатқа.
Жазуға бұдан әрмен білерім аз,
Кешіргей артық-кемі кетсе қата.
Арманым жете білім оқымадым,
Сабақтан қол үзген соң тоқымадым.
Айланып қу тірліктің кесірінен,
Арман ғып күн кеткен соң отырамын.
Ойымда жаттамалы қырық екі әріп,
Есептің төрт амалын қосам алып.
Оқысам әлде шіркін қайтер едім,
Ғылымнан өкінемін кенже қалып.
Көп жасаған біле бермейді әрбір нені,
Көп кезген көргені көп сол біледі.
Бұрыннан мақал бар ғой айтып кеткен,
Көп жасағаннан сұрама көп кезгеннен сұра деді.
Ащы менен тұщыны татқан біледі,
Алыс пенен жуықты жортқан біледі.
Таң атып күн батып өмір өтіп жатыр әйтеу,
Мен секілді көкірегі соқыр не біледі.
Бәрін айтта бірін айт саулық берсін Алла,
Көргеннен де көрмеген көп әлі алда.
Туыс-туған аман боп әрқашан да,
Жаратушым бір Алла қайғы-уайым басқа салма.

Тағдыр мен пәнде

Қалам алдым қолыма,
Бастасын Алла оңына.
Жас ортаға келгенде,
Бейнеттің түстім торына.
Зар болдым қайран қолыма,
Өткен күн келмес орнына.

Жанымды бағып жүрушем,
Сойыл бұрын тиер деген сордыға.
Келеміз жылап өмірге,
Кетерміз бір күн жеңіле.
Мәңгілік тірі бір Алла,
Сынады ғой темірде.
Бұйрықтан сенде аспайсың,
Бір аттап әрі баспайсың.
Уақыт мезгіл біткен күн,
Көзіңді жұмып тастайсың.
Жар болсын өзі бір Алла,
Мәңгілік жалған тұрама.
Орныңды Алла береді,
Артыңнан келген соларға.
Несібеңді берер бөліп біреуге,
Келмес қалың бұл менікі деуге.
Бәрі менікі деп жүрген,
Даңғырлаған құр кеуде.
Бермесе Алла маңдайға,
Тартып алар жан қайда.
Кезіктірер бір Аллам,
Жүрсеңде алыс шалғайда.
Сек келтірме Аллаға,
Топырақ шашпа баршаға.
Сабыр түбі сар алтын,
Албаты бекер шаршама.
Көп қорқытар терең батырар,
Түн қылып таңды атырар.
Алмасып мезгіл қыс-көктем,
Құлшырып әлем жарқырар.

Елестеп мәңгі кетпес жастық шағың,
Армандап өткен күнді сағынасың.
Әр нені қиялдайды көңіл шіркін,
Өмірдің заңы солай бағынасың.

Арманға қолың созып жете алмайсың,
Кәрліктің шың құзынан шыға алмайсың.
Анауым мынауым деп жүргенде,
Ажалдың қақпанынан өте алмайсың.
Өстіп жүріп өмір өтер күн-түн демей,
Ертең анау бүрсігүні мынау деп шама келмей.
Күйбің тірлік таң атып кеш батады,
Бітіп жатқан ісің жоқ қалар бітпей.
Бірге жүрген жора-жолдас жақсы адамдар,
Кеткен соң соны іздеп көңіл аландар.
Жақсы-жаман арасы жер мен көктей,
Сағынсаң да шараң жоқ оны таба алар.
Өмірде жақсы-жаман қатарласқан,
Жақсының орнына жамандық бек таласқан.
Жақсының орны толмас бір өкініш,
Жақсыға кеп жамандық тай таласқан.
Жамандық жақсы менен егескендей,
Секілді палуандар белдескендей.
Жақсыны шығып барып тыш табады,
Ақыры жоқ болады теңескендей.
Жақсы дегенім адам өмірі ғой,
Жаман дегенім ажалды айтқаным ғой.
Астарын айтқан сөздің ұғынарсың,
Өзімше түсінер деп айтқаным ғой.
Екі ауыз сөзім қалсын өрнектеген,
Адамға айтып келмес ажал деген.
Тырманьп жиған мүлкің артта қалар,
Кетерміз кебін атты көйлекпенен.
Азғана білгенімді жазған болдым,
Жетпіске жасым жетіп ауру болдым.
Жан кетіп қол-аяқтан бейнет шырмап,
Секілді қурап қалған гүлдей солдым.
Кебінің түймесі жоқ жағасы жоқ,
Адамның өлгеннен соң жаманы жоқ.

Тіріде бай-батыр болсаң да керегі жоқ,
Қаларсың өлген күні аруақ боп.
Сынаптай сырғып өтер өмір деген,
Сұм ажал еш нәрседен жеңілмеген.
Әр кімнің бір басында арманы бар,
Жетсем деп дәмеленген көңіл менен.
Үмітің үзілмейді өл-өлгенше,
Өмірден қалың кетіп жеңілгенше.
Анау-мынау деп күнің өтер,
Астына қара жердің көмілгенше.
Өзіңнен қал кеткен соң жоқтың қасы,
Алланың добы деген адам басы.
Өзің мен өзің болып отырасың,
Кеңесіп кеткеннен соң тең құрдасы.
Сөзімді жазғаным ғой ойда жүрген,
Бір кезде құрбы қайда ойнап жүрген.
Саулықта сан жоқ ойда түк жоқ,
Сол құрбым бәрі кетті бірге жүрген.
Кейінгі ұрпақтарым аман жүрсін,
Басына келмеген жан қайдан білсін.
Жетпістің келіп жеттім дәл қасына,
Көңілім баладаймын әттең шіркін.
Сөзімді ойда жүрген жаздым хатқа,
Бір Алла зиын берген адамзатқа.
Сөзімнің керектісін аларсыңдар,
Ұрпақтар жазып кеттім аманатқа.
Сөзімнің ұға білсең түйіні көп,
Сөз астарын түсінбес зиыны жоқ.
Сыры жатыр тереңде ойлап қара,
Әр кімнен де қалады дүние бок.
Шешендікпен жазғам жоқ бұның бәрін,
Бастан өткен өмірден алдым тәлім.
Көп жортқам жоқ көргенім аз білерім жоқ,
Азырақ жазғаным ғой Мақаң кәрің.

Дерт пен сабыр

Дүние екі айланып келмес қайта,
Атымның аяңдайын басын тарта.
Шамамша ойда барды жазған болдым,
Азырақ дем алайын осы арада.

Терең ой жүйкемді жеп кеміреді,
Басына келмеген жан не біледі.
Ішімде не жатқанын ешкім білмес,
Қайғысыз қара суға семіреді.

Адамға айтуға да айтпау да қандай қиын,
Өмірдің арқаладым ауыр жүгін.
Сауымда жүруші едім еш қаперсіз,
Бейнет бейнет емес, осы уайым болдау маған қиын.

Ауыру бір Алланың сынағы ғой,
Қу жаным өлгенімше шыдаймын ғой.
Өзегім өрт боп жанар ойлап кетсем,
Ой менен кең дүниеге симадым ғой.

Басыма жазылмастай берді ау бейнет,
Өзекті ой өртейді кеуде кернеп.
Кеткен соң қал қуатың бәрі бекер,
Қалғайсың құлашыңды ұзақ сермеп.

Уайым іштен жейді сыртың бүтін,
Ой сезім тұнық емес бітеу түтін.
Өзіңді сабырлыққа келтірмесең,
Оңдырмай құлатады сені бір күн.

Жасымнан мекен етім салбаң тауын,
Тілеймін бір Алладан денің сауын.
Екі елде тірлік етіп біздер жүміз,
Аман жүр әрқашан да аға бауырым.

Аман жүр қайда жүрсең үлкен кішім,
Тынымсыз күйбің дейміз тірлік үшін.
Тек біз емес жан біткеннің бәрі солай,
Осылай алдап қойған өмір шіркін.

Адамға бақ пен дәулет мәңгі емес,
Басыңнан өткен өмір ойда елес.
Жасыңда ден саулық та албырт көңіл,
Егделеп әр нәрсеге сенгің келмес.

Көз көрмей шын болсада сену бекер,
Қара су шөлдегенде дәмі шекер.
Албаты айтқан сөзге сене берсең,
Мен емес сол айтқан деп тентіретер.

Қиял ой — толқын теңіз, айдын көлдей

Ой менен шаршатты ғой тағдыр мені,
Жәйімді ешкім білмес көңілдегі.
Ауыру бейнет бір Алланың сынағы ғой,
Көргенім естен кетпес өмірдегі.

Жасыңда еш уайымсыз сан күлерсің,
Жан-жақты тірлік қуып сен жүрерсің.
Түскенде ғазез басқа ғаріпшілік,
Кәдірін ден саулықтың түсінерсің.

Бір Алла жаратып еді адам құсап,
Өлгенше жазылмастай берді сынақ.
Көп ұзап жүрместей ғып,
Қол-аяқ екеуінде қойды тұсап.

Сау болса дене мүшем арманым жоқ,
Уайым қайғысызда көңілің тоқ.
Не керек дүниенің бар болғаны,
Отырмын қолға қарап мүсәпір боп.

Күнімді көрінгенге салды Құдай,
Екі көзден өшімді алам жылай-жылай.
Шыбын жан шықпаған соң отырасың,
Бұғанда тәубә ғой деп Алладан қуат сұрай.

Кеп жеттік жылжи басып жетпіскеде,
Бұйрықсыз бір Алладан пәлен деме.
Арман ой жетелейді олай-бұлай,
Көңілім құлазиды әлде неге.

Ұрпағым аман болсын Құдай берген,
Бағым ғой маңдайыма Алла берген.
Аллаға сансыз шүкір тәубә деймін,
Шөберем тәй-тәй басып ата деген.

Мұныда көргенде бар көрмеген бар,
Бұйрықтан албаты асып болмайын тар.
Балалар аман жүрсін келешекте,
Бола гөр жаратушым бір өзің жар.

Жаратқан ғұмыр берсін ұрпағыма,
Ойлаған жеткізсін Алла мұратына.
Тілерім бір Алладан балаларға,
Бәрінің жасы жетсін бір ғасырға.

Қиял ой толқын теңіз айдын көлдей,
Жүреміз жайшылықта мұрса тимей.
Бір күні жастық шақтың қандай қымбат,
Жастық шақ өте шығар соққан желдей.

Өмір мен ажал

Егделеп әр бір нені қиялдайсың,
Өмірді қартайсаңда қия алмайсың.
Құзғындай мың жасаған пәнде жоқ қой,
Басыңды сұм ажалдан бұралмайсың.

Өткен соң өмір келмес қайта айланып,
Қалармыз өлгеннен соң тіл байланып.
Уақыт жылжып сырғып өте берер,
Күн батар таңдар атар қайта айланып.

Өмірден біреу кетер біреу келіп,
Уақыт бір қалыпта жатар өтіп.
Жан-жәнтiк ырыздығын теріп жейдi,
Өмірі таусылғанша мәңгі бітіп.

Қу тірлік өл-өлгенше бітпес күрес,
Кеткенше бойдан қуат көшке ілес.
Жан бермек оңай емес қарап жатып,
Ажалға бегдеп келген әлің келмес.

Екі көз жан шығарда жәудіреген,
Шама жоқ қалар сұлық қайран денең.
Ақырғы соңғы демің шыққан кезде,
Аруақ атады адам деген.

Қолыма қалам алып жаздым нелер

Туыпшын мен анадан қалым аздау,
Анамның ден саулығына сәйкес болдау.
Басқасынан мен екем ең нәзігі,
Ту баста маңдайыма солай жаздау.

Бәрінен ең жаманы мен екенмін,
Келген соң жас ұлғая енді білдім.
Мандытып сабақты да оқымадым,
Бәрінен не нәрсенің кенже қалдым.

Ой ойлау қабылетім жетілмеген,
Кісі деп үлкен-кіші теңгермеген.
Жасымнан жасық болдым жасқаншақтау,
Уақыт қайта келмес өкінгенмен.

Сау болса қайран қолым амал шешік,
Ден сауда жүруші едім желдей есіп.
Күнімді әркімдерге қаратқан соң,
Өлместің мен келемін күнін кешіп.

Ауыру жолдас болды жол ортада,
Қал-жайым келе бермес албатыға.
Бір аяқ жала жансар қолда жан жоқ,
Ғарып боп мен отырмын амал бар ма.

Қайтейін қайран қолым зар болғаным,
Жете алмай арманыма зар болғаным.
Қол-аяқ бүтін ден сау болса,
Білінбес аш-кедейің бар мен жоғың.

Бір қолым болмаған соң көңілім арық,
Отырған өлмеген соң көріп жарық.
Өзім теңдес көргенде құрбыларды,
Кетемін ішім күйіп қайғыланып.

Әйтеу бір отырған ғой өлмеген соң,
Алланың салғанына көн деген соң.
Киімді сыңар қолмен кию қиын,
Өшімді көзден алам болмаған соң.

Отырам үндеместен іштен тынып,
Немене жабырқаған көңіл сынық.
Алып-жұлып бара жатқан ауырың жоқ болған соң,
Еш адам қарамайды мойын бұрып.

Ауырдым деп айтудан жалығасың,
Іштей ойлап шығармай тарыласың.
Сау адамдарды көргенде,
Сау күніңді еске алып сағынасың.

Қолыма қалам алып жаздым нелер,
Қағазға жазған хатым болып бедер.

Өмірден өзім өлсем қалсын сөзім,
Кейінгі оқып жүрсін немерелер.

Ғалымның шегі болмас оқи берсең,
Ұққанды көкейіңе тоқи жүрсең.
Болмаса бірде тиер пайдасы бар,
Көкейге сақтағанды ұмытпай жүрсең.

Қошақ ұрпақтары — толықтыру

Қошақтан: Есендәулет, Тоқдәулет, Қазыбай, Айтбай деп айтады екен. Ал енді Қазыбайдан: Еламан, Маламан — бұл екеуі Алтайда қалған дейді. Бардыбай, Қиғылық — осы Моңғолияға асып келген деп. Қазыбайдың Қиғылық кенжесі деп те айтады.

Осы жерде мен жақсы түсінбейтін бір жағдай бар. Түлікаман деген бір атаның атын көп естідім. Қазыбайдан туа ма, жоқ әлде немере бала ма — жақсы түсінбеймін. Осы жерде қалайдан-қалай екенін білмедім, шешіп айтатын кісі болмады.

Осыны білетін — Қошақ атаның тарихын жазған ағамыз, Ұланбатыр қаласында тұратын Сайырхан ұлы Нәбидолда ағайдан сұрап білдім. Еламан, Маламан, Түлікаман — бір ағайын дегенді сол ағамыз айтып берді.

Нәбидолда Сайырханұлы



Нәбидолда Сайырханұлы

Құрылыс инженері. 1948 жылы Моңғолия Қобда аймағының Қобда сұмынында туған. 1966 жылы Қазақстанның Жамбыл облысының Жамбыл қаласында құрылыс кәсіптік техникалық училищесін қалаушы мамандығымен бітірген.

1973 жылы Улаанбаатардағы құрылыс техникумының құрылыс техник, өндіріс үйрету мастер-мұғалімі мамандығымен, 1981 жылы Моңғолияның мемлекеттік университетін құрылыс инженері мамандығымен бітірген. Кейіннен Моңғолияның құрылыс

қаражатын жобалаушы, басқарушы дәрежелі маманын игерген. 1989 жылы Кеңестер одағының Москва қаласындағы құрылыс қаражатын жобалау бойынша мамандық жетілдірген.

Құрылыс қалаушысынан еңбек жолын бастап, 1966–1971 жылдары Улаанбаатар қалалық құрылыс трестісінде қалаушы, 1973–1983 жылдары Улаанбаатардағы техникалық көмек көрсету құрылыс трестісінде лимит техник, құрылыс техник, өндіріс құрылыс конторында бас инженер, 1983–1993 жылдары құрылыс өндіріс зерттеу ғылыми институтында инженер, зерттеу ғылыми ағалаушы қызметкері, 1993–2008 жылдары Улаанбаатарда құрылыс компанияларында инженер, бас инженер, құрылыс бөлімінің бастығы қатарлы қызметтерін атқарып құрылыс саласында 32 жыл жұмыстаған.

Зейнеткер. Жұмыс табысымен еңбек, мерекелік медалдармен сыйланып, «Моңғолия озат құрылысшысы» атағымен марапатталған.

Абақ Керей тарихына толықтыру

Орта жүздің атақты биі Дана биден туған Уақ-Керей ағайынды екен. Содан Ұлы жүздің қызы Абақты Керей алған дейді. Содан туған Ашамайлы деп атақты ғұлама Ақыт қажы Үлімжі ұлы тарихқа жазған. Кейбіреу Абақ әйел емес еркек деп жүр.

Ұлы атам да айтып отыратын: «Он екі Керей Абағым, он екі Керей Абағым» деп әндетіп отыратын.

Абақ әңгімесі

Ұлы атам «Он екі Керей Абағым, үй артында қабағым» деп әндетіп отыратын.

Әлқиса, Керей қайтыс болғаннан кейін, қайын ағасы Уақ батыр келініне кісі салып көңілін білдіреді екен. Абақ «Енді мен кісіге бармаймын» деп келген кісіні қайтарып жібереді. Уақтың келінінен көңілі қалады.

Абақ малды болған, жаз айында сиырларына бұқа керек болып, қайын ағасының ауылынан бір бұқа айдап кел деп кісі жіберіпті. Бұқаны айдап бара жатқан жігітке «Бұқаны не қыласың?» депті. Сонда Уақ айтқан екен: «Бұқамды бермеймін. Келінім мені менсінбегенде, бұқам керек болды ма?» — деп бұқасын бермей алып қалады.

Абақ қайын ағасына өкпелеп, «Бар сенген қайын ағам сен болсаң» деп, төркіні Үйсінге көшіп кеткен екен.

Абақ елден ерекше ақылды кісі екен. Өте сұлу, зиянды, атына заты сай дегендей. Сол елде бала оқытатын молла бар екен, сол моллаға барып шарифат туралы біраз кеңес сұраған екен.

Сол жерде молла айтыпты: «Шын шарифат жолында әйел халал емес, ерге бармай» депті. Мұны естіген Абаққа қорқу пайда болды.

«Тәуба!» деп қорыққаннан зәресі ұшты.

«Күйеуге тимеген әйелдің қолынан ас ішпейді» дегенде, Абақ «Олай болса мені алыңыз!» деп жабыса кетеді. Молла: «Сізді алуға болмайды, бұл жерде мені қинамаңыз. Менің рұқсат сұрайтын ұстазым бар» депті.

Ұстазына болған жайды баяндайды. Ол да үлкен оқымысты кісі екен. Молла кітап ашып: «Ол әйелді алмасаң болмайды, қарызы сенде қалады» деп рұқсатын берген екен.

Молланың аты Нәзір деген. Некелесіп қосылыпты мыс.

Нәзірден бір ұлды болған, атын Қарақожа деп айтады. Айта берсе тарих кете береді, осылай тоқтатуды жөн көрдім.

Әңгімелер (қосымша — толтырылатын)

Кейін қосылатын әңгімелер. Стилi жоғарыдағы «Абақ әңгімесі» үлгісінде:

қара сөзбен, ауызекі баяндау, аңыз-әңгіме ыңғайында жазылады.

Қашқын Мұрат

(мәтін кейін қосылады)

Мансап қуған Үйісбек

(мәтін кейін қосылады)

Қайран менің әке-шешем



Қанағат пен жұбайы

Әке-шешем кеттің озып өмірден,
Кетсеңде өтіп өмірден кетпейсің мәңгі көңілден.
Елестеп жарқын жүздерің,
Көз алдымда тұрғандай боп мәңгі тірі сезінем,
Шықпайсың әр кез есімнен.
Артық кетсем кешірген,
Қанаттыға қақтырмай адам бол деп,
Тәрбиелеп мәпелеп бағып өсірген.
Бір Аллам ата-анама берсін иман,
Әр кімнен де қаларсың дүние қоқ теріп жиған.
Ұрпағың артта қалған өсіп-өніп,
Алланың қуатында жүрміз есен аман.
Өмірдің заңы солай біреу кетіп біреу келер,
Жан пәнде басқа салса нелер көрер.
Дүниенің баяны жоқ қызыл түлкі,
Ғаламды он сегіз мың жаратқан Алла шебер.
Өмірден менде кетем ол да кетер,
Ойласаң шолақ жалған бәрі бекер.
Жалған өмірге кім келмейді кім кетпейді,
Уақыт тоқтамастан аттай желер.

Өстіп жүріп уақыт өтер күн-түн демей,
Бітіп жатқан ісің жоқ қалар бітпей.
Күйбің тірлік тағы да таң атады,
Мұрынға су жетпестен шама келмей.
Жалған дүние қызықтырар көзінді алдап,
Білдірместен сұм ажал салар қармақ.
Шыбын жанға тигізер пайда жоқ,
Қу дүние қаларсың жиған-тырнап.
Айтқан сөз Хақтан өзге бәрі қата,
Жан жарың бала-шағаң қалар артта.
Бір Аллам берсін иман ол жалғанда,
Тек қана әкелерің екі кез мата.

Марқұм ағам мен жеңгем



Марқұм ағам мен жеңгем

Әке орнына әкемдей болған ағам,
Бауырларың өзінді паналаған.
Көкем-көкем деуші едік ауыл болып,
Қолда барын біздерден аямаған.
Қамқоршы едің жан аға біздер үшін,
Қадірлеуші ек ағажан үлкен-кішім.
Болмағанды барушы ек сізден сұрап,
Көз алдымнан кетпейді өңмен түсің.
Еркелеткен кенжем деп асыл жеңгем,

Өте шықтың өмір ай аттай желген.
Кеше ғана секілді қусаушы еді,
Басқа келмей өмірді кімдер білген.
Бір Алладан тілерім иман берсін,
Өткеннен соң өмірді өкінерсің.
Өлгенімше ұмытпаймын аға-жеңгем,
Пайғамбарым ақ туының астында кезіктірсін.



С. Қанағат пен С. Інжу


Молқы руы мен өмір толғауы

Руым он екі Керей ішінде болам Молқы деген,
Біреуі төрт Молқының Қошағы екем.
Естіген құлақта жазық жоқ деп,
Кенжесі деп Қошақты айтады екен.
Тараған сол Молқыдан төрт ұл дейді,
Сөзімді жазғаным ғой тарих жәйлі.
Бұрынғы ескі көздер өтті өмірден,
Мән беріп келер ұрпақ қарамайды.
Бұл өмірден менде кетем келсе бұйрық,
Ұрпағым аман жүрсін жал мен құйрық.
Түгел жүрмес түгесіліп қалмас деген дейін,
Уақыт бір қалыппен өтер жылжып.

Ұшады қыран бүркіт аспан менен,
Мезгілсіз таң атпайды сасқан менен.
Алланың бұйрығынан құтылмайсың,
Ажалдан басыңды ала қашқан менен.
Өлшеп берген өмір бар жан пәндеге,
Артық кетіп жүрмейік болар-болмас әр нәрсеге.
Байбалам нан түк шықпас,
Сабырлықпен қарайық бәрінеде.

Жағыпар ұлы Ясауи Сәби

1898 жылы туған — 1974 жылы бақи болған.



Жағыпар ұлы Ясауи Сәби



Ж. Сәби мен А. Зәбила

Ұлы атам апамыздың көрдім көзін,
Естідім өз аузынан айтқан сөзін.
Иіскетіп екеуіне маңдайымнан,
Қолынан апамыздың таттым дәмін.
Бір Аллаһ өткендерге иман берсін,
Кейінгі ұрпағына ғұмыр берсін.
Мал-жанды бақ-дәулеті болған еді,
Ұлы атам бақ-дәулетін бізге берсін.

Екі елде тірлік еткен туыстарым

Екі елде тірлік еткен туыстарым.
Қаламын көңілденіп кең дем алып тыныстарым.
Бас қосып бір дастарқанда кез боп қалдық.
Ілгері алда болсын жұмыстарың.

Ағайын бұл отырыс екі келмес.
Қалармыз кейінгіге болып елес.
Алланың бұнысына сансыз шүкір.
Осылай отырған ек деп ұрпақтар айтар кеңес.

Бұл өмір мәңгі тұрмас қалыбында.
Айтпай ақ түсінесің барлығыңда.

Бүгін бар да ертең жоқ пәни жалған.
Қанша дөкей болсаңда алланың кім көнбейді жарлығына.
Жібердім тілеу тойдан бір естелік.
Ден сауда бас аман да не деспедік.
Ағайынның азары болсада безері жоқ.
Туыстар өкпе аразды кешірейік.



Суретте: Гаухар, Құдыс, Амантай, Махаббат, Манарбек, (есімі анықталмаған), Еренғайып, Базар, Әзипа, Әмина, Кәлимаш



Суретте: Махаббат, Еренғайып, Амантай

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Осы мен тоқтата тұрайын. Жеті атаны өздерің ары қарай толықтап жазып аларсыңдар. Артық-кемі болса кешірім сұраймын.

Шама-шарқымша жазған болдым. Көз ашық, көкірек ояу, оқыған менен ойлағанда, ішпен сыртқа жүрген нәрсені көрген, оқып-тоқыған, келешекке ой жүгірте ұмтылатын талапты жас түлектерім — асар асуларың алда, келешекке самғай ұшударыңды тілеймін.

Ойлаған арман-мақсаттарыңа жетіндер, қанаттарың талмасын!

Заңғардан заңғарға жетіндер, жастарым.

Басында менің әкем айтып, Жіксал ағамыздың жазғанын өздеріңе жібергем болатынмын, соған қарап оқып танысыңдар. Біраз қателер болуы мүмкін, кешіріммен дүзетіп оқуларыңды тілеймін, ардақты да аяулы менің туыстарым.

Ойлаған ой арман-мақсаттарыңа жетіндер. Әрқашан жүздеріңнен күлкі кетпесін, бақыттың базарында, Алланың назарында болыңдар.

Бір Алла жар болсын баршаңызға, сәлем.

Жазған: Қанағат ұлы Махаббат

Авторы жазған

ҚАНАҒАТ ӘКЕЛІ МАХАББАТ

2026 жылы

Жинақтаған: Радолда

Автор туралы

Қанағат әкелі Махаббат



«Өлсемде өзім қалсын сөзім» кітабының авторы

Шежіре жобасы — 2026 жыл